

Жекешелендіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N 413-IV Заңымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 2011.03.01 N 413-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 04 қарашадағы N 472 Заңымен енгізілген өзгерістер 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. Кіріспе алып тасталды - Қазақстан Республикасы 2002.05.21. N 323 , актінің нысаны және тақырыбы өзгерді, мәтінде "Жарлықта", "Жарлықтан", "Жарлық", "Жарлықтың", "Жарлықты", "Жарлыққа" деген сөздер тиісінше "Заңда", "Заңнан", "Заң", "Заңның", "Заңды", "Заңға" ауыстырылды - 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

1 ТАРАУ. Жалпы ережелер

1-бап. Жекешелендіру ұғымы

Жекешелендіру дегеніміз - меншік иесі ретінде мемлекеттің еркімен осы Заңда белгіленген арнайы рәсімдер шеңберінде немесе ол анықтайтын тәртіппен жүргізілетін, мемлекеттік мүлікті жеке тұлғалардың, мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және шетелдік заңды тұлғалардың меншігіне сату.

2-бап. Жекешелендіру субъектілері

1. Жекешелендіру субъектілері сатушы және сатып алушы болып табылады.
2. Сатушы жекешелендіруді жүргізуге уәкілдік берілген мемлекеттік орган.
3. Сатып алушы - жекешелендіру барысында мүлікті сатып алатын жеке тұлға , мемлекеттік емес заңды тұлға немесе шетелдік заңды тұлға.

Сатып алушы жағынан бірнеше тұлға қатысқан жағдайда олар бірлесіп іс-қимыл жасайды.

4. Жүзеге асырылуы жекешелендіру объектісін сату шарты болып табылатын қызмет түрлерімен айналысуға Қазақстан Республикасының заң актілеріне немесе құрылтай құжаттарына сәйкес құқығы жоқ заңды тұлғалар жекешелендіру кезінде сатып алушы бола алмайды.

5. Акциялардың мемлекеттік пакеті сатылған кезде акционерлік қоғам сатып алушының акцияларын иеленетін болса, сатып алушы - акционерлік қоғам акцияларының 25 процентінен астамын сатып ала алмайды.

6. Сатып алушы жекешелендіру процесін ұйымдастыру үшін делдал тартуға хақылы.

Ескерту. 2-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы 2002.05.21. N 323 Заңымен.

3-бап. Жекешелендіру туралы заңдар

1. Қазақстан Республикасының жекешелендіру туралы заңдары осы Заңнан, Қазақстан Республикасы Президентінің өзге заң актілерінен, жарлықтары мен өкімдерінен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларынан тұрады.

2. Уәкілді органдар осы Заңда және өзге де заң актілерінде көзделген жағдайлар мен шектерде жекешелендіру жөніндегі қатынастарды реттейтін актілер шығара алады.

3. Мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарын, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорының объектілерін жекешелендірудің ерекшеліктері арнайы заңдармен реттеледі.

4. Осы Заң Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен реттелетін мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқықтарын іске асыру жөніндегі құқықтық қатынастарды реттемейді. <*>

5. Мемлекеттік заттай гранттар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңдарында көзделген тәртіппен және жағдайларда беріледі. <*>

Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.30. N 139 -1, 1999.08.02. N 466 -1, 2001.03.02. N 162, 2003.01.08. N 375 Заңдарымен.

4-бап. Жекешелендіруді жүргізудің негізгі принциптері

Жекешелендіруді жүргізген кезде негізгі принциптер жариялылық, бәсекелестік, құқықтық сабақтастық, лауазым иелерінің жекешелендіруді жүргізудің заңдылығына жауапкершілігі және сатуға шығарылатын объектілер туралы берілген мағлұматтардың растығы болып табылады.

2 ТАРАУ. Жекешелендіру объектілері

5-бап. Жекешелендіру объектісі

1. Мемлекеттік мүліктің мынадай түрлері:

1) мүліктік кешен ретіндегі мемлекеттік кәсіпорын немесе мемлекеттік мекеме (бұдан әрі - кәсіпорын);

2) жекешелендірілуі тұйық технологиялық тізбекті бұзбайтын мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорынның өндірістік және өндірістік емес бөлімшелері мен құрылымдық бірліктері;

- 3) кәсіпорынның мүлкі;
- 4) акциялар;
- 5) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы үлестер;
- 6) мемлекетке тиесілі акцияларға құқықты куәландыратын туынды бағалы қағаздар;
- 7) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген өзге де мемлекеттік мүлік жекешелендіру объектілері болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес тек мемлекеттік меншікте ғана болуы мүмкін мемлекеттік мүлік, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің және (немесе) Үкіметінің шешімдеріне сәйкес жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік мүлік жекешелендіру объектісі болуы мүмкін емес.

3. Мемлекет мүлкіне иелік етуге уәкілдік берілген мемлекеттік орган оны жекешелендіру туралы шешім қабылдаған күннен бастап мемлекет мүлкі жекешелендіру объектісіне айналады.

Табиғи монополия субъектілері немесе тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие болып отырған рынок субъектілері болып табылатын не Республика экономикасының жекелеген саласы (секторы) үшін стратегиялық маңызы бар ұйымдардың мүліктік кешендерін немесе акциялардың мемлекеттік пакеттерін жекешелендіру туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды және онда жекешелендірудің түріне арналған нұсқау болуға тиіс. Экономиканың стратегиялық маңызы бар салалары (секторлары) объектілерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.05.21. N 323 , 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.
6-бап. Кәсіпорын жекешелендіру объектісі ретінде

1. Мүліктік кешен ретінде жекешелендіруге жататын кәсіпорын құрамына оның қызметіне арналған мүліктің барлық түрлері кіреді, бұған үйлер, ғимараттар, жабдықтар, мүкәммал, шикізат, өнім, жер учаскесіне құқық, талап ету құқығы, борыштар, сондай-ақ заңды тұлға ретінде кәсіпорынға тиесілі ерекше құқықтар қосылады.

1-1. Мүліктік кешен ретінде жекешелендіруге жататын кәсіпорын (құрамына оларда сақтаулы тұрған мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары кірмейді. Z000106

2. Мүліктік кешен ретінде кәсіпорын құрамына әлеуметтік-мәдени және коммуналдық-тұрмыс объектілері кіргізілуі мүмкін.

3. Егер осы Заңда және сатып алу-сату шартында өзгеше көзделмеген болса, сатып алушы жекешелендірілген кәсіпорынның азаматтық құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мұрагері болады.

Ескерту. 6-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2000.12.15. N 124 Заңымен.

7-бап. <*>

8-бап. <*>

9-бап. <*>

Ескерту. 7, 8, 9-баптар алынып тасталды - Қазақстан Республикасы 2002.05.21. N 323 Заңымен.

10-бап. Мемлекетке тиесілі акциялар және мемлекеттің жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы үлестері

1. Мемлекетке тиесілі акцияларды және мемлекеттің жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы үлестерін сату Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер және бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарында белгіленген талаптар сақтала отырып жүргізілуге тиіс.

2. Шығарылымы тиісті тәртіппен тіркелмеген акцияларды сатуға жол берілмейді. <*>

Ескерту. 10-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы 2002.05.21. N 323 , 2003.05.16. N 416 Заңдарымен .

11-бап. Жекешелендіру және жер пайдалану құқығы

Жылжымайтын мүлік жекешелендірілген кезде сатып алушыға жер заңдарына сәйкес жер учаскесіне меншік құқығы көшеді. Жер учаскесінің құны жекешелендіру объектісінің бағасына кіреді.

3 ТАРАУ. Жекешелендірудің түрлері

12-бап. Жекешелендірудің түрлері

1. Жекешелендіру мынадай түрлерде:

1) аукцион, тендер, қор биржасындағы сауда-саттық, екі кезеңді рәсімдер жолымен өтетін конкурс, туынды бағалы қағаздарды сату нысанындағы сауда-саттықта сату;

2) тікелей бәсірелі сату түрлерінде жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік мүлікті сатуға тікелей алып келмейтін, бірақ оның кейіннен сатылуын көздейтін әрекеттер (мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға) беру не оны тиісінше жалдаушының (жалгердің) не сенім білдірілген басқарушының кейіннен сатып алу құқығымен сенім білдірілген басқаруға беру) жекешелендірудің түрлері ретінде емес, оның алдын ала жүргізілетін сатылары ретінде қарастырылады. <*>

Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы 2002.05.21. N 323 , 2003.05.16. N 416 Заңдарымен .

13-бап. Сауда-саттық өткізудің талаптары

1. Аукционда ең жоғары баға ұсынған тұлға сауда-саттықта жеңген болып танылады. Сатушы күні бұрын тағайындаған конкурстық комиссияның қорытындысы бойынша ең жақсы шарттар ұсынған тұлға тендерді жеңіп алған болып танылады.

Аукциондарда ұсыныстар ашық жария етіледі; тендерлерде сатушының қалауы бойынша ұсыныстар ашық немесе жабық конвертте жазбаша беріледі.

2. Сауда-саттық ашық болуға тиіс, оны өткізу тәртібі осы Заңның 14-14-3-баптарымен" белгіленеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін Қазақстан Республикасының мемлекеттік қауіпсіздігіне, айналадағы табиғи ортаны қорғауға, сыртқы экономикалық ахуалына байланысты ерекше жағдайларда тендер жабық болуы мүмкін. Оны өткізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді .

Сауда-саттыққа осы Заңның 2-бабының талаптарына жауап беретін тұлға қатыса алады.

3. Жекешелендіру объектісі оны сатып алғысы келген жалғыз қатысушыға сатылуы мүмкін үшінші және одан кейінгі сауда-саттықтарды қоспағанда, тек бір ғана қатысушы қатысқан аукциондар мен тендерлер өткізілмеген болып танылады.

4. Сауда-саттық өткізілгенге дейін сатып алушы өзі сатып алатын объектінің экологиялық жай-күйіне тексеру жүргізуге хақылы.

5. Акциялардың мемлекеттік пакетін сату жөніндегі сауда-саттық әдетте қор биржасында өткізіледі.

Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы 2002.05.21. N 323 Заңымен.

14-бап. Ашық сауда-саттық өткізу тәртібі

1. Сауда-саттық өткізу туралы сатушы кем дегенде он бес күн бұрын, ал мемлекетке тиесілі акциялар және мемлекеттің жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы үлестері сатылған кезде кемінде отыз күн бұрын хабарлауға тиіс. Хабар ресми басылымдарда мемлекеттік тілде және орыс тілінде жариялануға тиіс. Хабарда сауда-саттықтың уақыты, орны мен түрі, сату объектісі және өткізілу тәртібі, соның ішінде сауда-саттыққа қатысуды ресімдеу, онда жеңіп шыққан тұлғаны анықтаудың шарттары туралы мәліметтер, сондай-ақ бастапқы баға мен кепілді жарнаның мөлшері туралы мәліметтер болуға тиіс.

2. Сатушы тендердің шарттарын өзгерткен жағдайда ол барлық өзгертулер жайында осы баптың 1-тармағында белгіленген тәртіппен және мерзімде хабарлама жасауға тиіс.

Тендердің шарттарын өзгерту туралы хабарлама жарияланғанға дейін оған қатысуға өтінім берген және осымен байланысты оған қатысудан бас тартқан тұлғалар кепілдік жарнасын және шыққан шығыстарының өтелуін талап етуге хақылы.

3. Сатушы сауда-саттық өткізілуден кемінде үш күн бұрын еңсерілмейтін күш жағдаяттарына қатысты реттерді немесе сатушыға байланысты емес өзге себептерді қоспағанда, сауда-саттыққа қатысуға өтінім берген тұлғалар шеккен нақты залалды өтей отырып, одан бас тартуға хақылы.

4. Сауда-саттыққа қатысушылар сауда-саттық өткізу туралы хабарламада көрсетілген мөлшерде, мерзімде және тәртіппен кепілдік жарнасын төлейді. Егер сауда-саттық болмай қалса, кепілдік жарна қайтарылуға тиіс. Кепілдік жарна сауда-саттыққа қатысқан, бірақ оны жеңбеген адамдарға да қайтарылып беріледі. Сауда-саттық өткізілерден кемінде үш күн бұрын оған қатысудан жазбаша түрде бас тартқан тұлғаларға кепілдік жарна қайтарылады.

Сауда-саттықта жеңіп шыққан тұлғамен сатып алу-сату шартын жасасқан кезде ол енгізген кепілдік жарнаның сомасы жасалған шарт жөніндегі міндеттемелерді орындау есебіне жатқызылады.

5. Сауда-саттықта жеңіп шыққан тұлға мен сатушы аукцион немесе тендер өткізілген күні сауданың нәтижелері туралы хаттамаға қол қояды.

6. Сатып алу-сату шартына тараптар сауда-саттық аяқталғаннан кейін 10 күннен кешіктірмей қол қоюға тиіс.

Сауда-саттықта жеңіп шыққан тұлға сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттамаға немесе сатып алу-сату шартына қол қоюдан жалтарған жағдайда өзі төлеген кепілдік жарнасынан айырылады және кепілдік жарнамен өтелмеген бөлігінде сатушының нақты зиянын өтеуге міндетті.

Сауда-саттықта жеңіп шыққан тұлға осы Заңның 2-бабының талаптарына жауап бермейтін жағдайларда болмаса, сатушының сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға және сауда-саттықта жеңіп шыққан тұлғамен сатып алу-сату шартына қол қоюдан жалтаруға хақы жоқ.

Сатып алу-сату шартының талаптары сауда-саттық талаптарына қайшы келмеуге тиіс.

6-1. Сатып алу-сату шарты Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпиясы бар мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, мүдделі адамдарға танысу үшін берілуге тиіс.

7. Заңда белгіленген ережелер бұзылып өткізілген сауда-саттықты сот мүдделі тұлғаның қуынымы бойынша жарамсыз деп тануы мүмкін.

Саудаға түскен объект бойынша сауда-саттықтың жарамсыз болып танылуы сатып алу-сату шартының жарамсыз болуына әкеліп соғады.

8. <*>

9. Егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, сауда-саттық өткізу кезінде осы бапта белгіленген ережелер қолданылады.

Ескерту. 14-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы 2002.05.21. N 323 Заңымен.

14-1-бап. Қор биржасындағы сауда-саттық

1. Мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды қор биржасында сату Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарына және биржалық сауда ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды шет мемлекеттердің қор биржаларында сатуға жол беріледі.

2. Сату туралы хабарлама қор биржасында сауда-саттық өткізу басталғанға дейін кем дегенде он бес күн бұрын ресми басылымдарда мемлекеттік тілде және орыс тілінде жариялануға және онда сауда-саттық басталатын күн, сауда-саттық өткізілетін орын, сату объектісі мен оның мөлшері туралы мәліметтер болуға тиіс.

Сатушы хабарламада мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды сатуға қатысты өзге де мәліметтерді көрсетуге құқылы.

3. Сатушының бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушысымен жасалатын шартында мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды сатушы белгілеген ең төменгі бағадан төмен болмайтын бағамен сатуға міндеттеме болуға тиіс.

Ескерту. 14-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасы 2002.05.21. N 323 Заңымен.

14-2-бап. Екі кезеңді рәсімдер жолымен өткізілетін конкурс

1. Екі кезеңді рәсімдер жолымен өткізілетін конкурс (бұдан әрі - конкурс) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекешелендірудің баға басымдығын және (немесе) өзге талаптарын айқындайтын шешімі бойынша қаржы кеңесшісінің қатысуымен өткізіледі.

2. Конкурс мынадай іс-шаралар жоспарын:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қаржы кеңесшісін тартуды;

2) жекешелендіру объектісін жан-жақты талдауды, оның құнын бағалауды және әлеуетті сатып алушылар (инвесторлар) үшін сату объектісі туралы деректердің ақпараттық базасын қалыптастыруды;

3) сатушының жекешелендіру объектісін сату туралы хабарламаны ресми басылымдарда мемлекеттік тілде және орыс тілінде жариялануын, сондай-ақ қаржы кеңесшісінің әлеуетті сатып алушыларға (инвесторларға) сату туралы ұсынысты жіберуін;

4) қаржы кеңесшісінің әлеуетті сатып алушылардың (инвесторлардың) ұсыныстар бар өтінімдерінің тізбесін қалыптастыруын;

5) келіссөздер барысында ең жақсы ұсыныстар берген (конкурстың бірінші кезеңі) кемінде екі әлеуетті сатып алушыны (инвесторды) анықтау мақсатында қаржы кеңесшісінің қатысуымен сатушының әлеуетті сатып алушылармен (инвесторлармен) өтінімдердің тізбесі бойынша келіссөздер өткізуін;

б) қаржы кеңесшісінің қатысуымен сатушының бұрын ұсынылған талаптарды жақсарту тұрғысында конкурстың бірінші кезеңінің жеңімпаздарымен келіссөздер өткізуін (конкурстың екінші кезеңі) қамтиды.

3. Сатушы, қаржы кеңесшісі және конкурстың барлық қатысушылары өткізген келіссөздердің әрбір кезеңінің қорытындылары бойынша оның нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылады.

4. Конкурстың екінші кезеңінің барысында ең жақсы талаптар ұсынған әлеуетті сатып алушы (инвестор) конкурста жеңіп шыққан болып танылады.

5. Конкурстың жеңімпазы сатушы белгілеген мерзімде сатып алу-сату шартына қол қоюдан бас тартқан немесе жалтарған жағдайда, ұсынысы конкурс жеңімпазынан кейінгі ең жақсы ұсыныс болып танылған әлеуетті сатып алушы (инвестор) сатып алу-сату шартына қол қояды.

Ескерту. 14-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасы 2002.05.21. N 323 Заңымен.

14-3-бап. Мемлекетке тиесілі акцияларға құқықты куәландыратын туынды бағалы қағаздарды сату

1. Мемлекетке тиесілі акцияларға құқықты куәландыратын туынды бағалы қағаздарды (бұдан әрі - туынды бағалы қағаздар) сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе тиісті жергілікті өкілді органның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

2. Туынды бағалы қағаздарды сатудың негізгі талаптарын сатушы Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге немесе әкімдік тиісті мәслихатқа бекітуге табыс етеді.

3. Туынды бағалы қағаздарды сату туралы шешімде туынды бағалы қағаздар шығарылған мемлекетке тиесілі акциялардың саны, сатылатын туынды бағалы қағаздардың үлгісі, аумағында туынды бағалы қағаздарды сату жүзеге асырылады деп көзделіп отырған шет мемлекет (шет мемлекеттер), мәмілені

аяқтаудың ең ұзақ мерзімдері, туынды бағалы қағаздардың меншік иелерінің құқықтарын іске асырудың талаптары мен тәртібі және қажет болған жағдайда, өзге де талаптар туралы мәліметтер болуға тиіс.

Ескерту. 14-3-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасы 2002.05.21. N 323 , өзгерту енгізілді - 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

15-бап. Тікелей бәсірелі сату

1. Осы Заңның 16-бабында белгіленген тәртіппен, кейіннен сатып алу құқығымен мүліктік жалдауға (жалға) немесе сенім білдірілген басқаруға тиісінше жалдаушыға (жалгерге) немесе сенім білдірілген басқарушыға берілген объектілер тікелей бәсірелі сатуға жатады.

Жекешелендіру объектілерін жалдаушыға (жалгерге) және сенім білдірілген басқарушыға сатуға олар тиісті шартты ойдағыдай орындаған жағдайда ғана жол беріледі.

2. Жекешелендіру объектісін сатып алу шарттары, егер олар мүліктік жалдау (жал) шартында немесе сенім білдірілген басқаруға беру туралы шартта көзделмеген болса, тараптардың келісімімен белгіленеді.

3. <*>

Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы 2002.05.21. N 323 Заңымен.

16-бап. Жекешелендірудің алдын ала жүргізілетін сатылары

1. Мыналар: Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мүлікті мүліктік жалдауға (жалға) өткізу не сенім білдірілген басқарушыға кейіннен сатып алу құқығымен беру; <*>

2. Сенім білдірілген басқарушы немесе жалдаушы (жалгер) тендер негізінде осы Заңның 13 және 14-баптарына сәйкес таңдап алынады.

3. Кәсіпорынды сенім білдірілген басқаруға немесе мүліктік жалдауға (жалға) беру ісі Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген органның немесе тиісті әкімдіктің сенім білдірілген басқарушымен немесе жалдаушымен (жалгермен) жасасқан тиісті шартымен ресімделеді. Шарт кәсіпорынның қандай мерзімде және қандай шарттар орындалған кезде сенім білдірілген басқарушының немесе жалдаушының (жалгердің) меншігіне көшетінін көздеуге тиіс.

4. Осы Заңда көзделген сенім білдірілген басқару мен мүліктік жалдау (жалдау) қатынастарына осы Заңда көзделген реттерді қоспағанда, осындай қатынастарды реттеп отыратын азаматтық заң нормалары қолданылады.

5. Сенім білдірілген басқаруға осы Заңның 13 және 14-баптарына сәйкес тендер негізінде акциялардың мемлекеттік пакеті берілуі мүмкін.

6. <*>

Ескерту. 16-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы 2002.05.21. N 323 , 2003.05.16. N 416 , 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

4 ТАРАУ. Жекешелендірудің тәртібі мен шарттары

17-бап. Объектіні жекешелендіруге дайындау

1. Объектіні жекешелендіруге сатушы дайындайды.
2. Объектіні жекешелендіруге дайындау кезінде сатушы:
 - 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен нормативтік құқықтық актіге сәйкес жекешелендіру объектісінің құнын бағалайды;
 - 2) сатып алушының талап етуі бойынша жекешелендіру объектілерінің ауыртпалықтары туралы, сондай-ақ жекешелендіру объектісі мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорын болса, жекешелендірілетін кәсіпорынның жасалған келісім-шарттары мен шарттарындағы кредиторлық және дебиторлық берешектерінің сомасы туралы ақпаратты әзірлейді және табыс етеді;
 - 3) жекешелендіру жүргізудің шарттарын, нысандары мен түрлерін белгілейді, оны іске асыруға даярлықты жүзеге асырады;
 - 4) мүліктің сақталуын қамтамасыз етеді;
 - 5) жекешелендіруді өткізуге қажетті басқа да іс-шаралар жүргізеді.
- 2-1) жекешелендіру объектісінде мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары болған жағдайда, мемлекеттік материалдық резервті басқару жөніндегі уәкілетті органға объект жекешелендірілгенге дейін осы материалдық құндылықтарды бұдан кейінгі жерде орналастыру туралы шешім қабылдауы үшін алдағы жекешелендіру туралы алдын ала хабарлайды;
3. Жарғылық капиталдарындағы мемлекеттің акциялары мен қатысу үлесі сату объектісі болатын мемлекеттік заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік емес заңды тұлғалардың лауазымды адамдары сатушының сауал салуы бойынша объектіні сатуға дайындау үшін қажетті мәліметтерді ол белгілейтін мерзімдерде табыс етуге міндетті.

Табыс етілген мәліметтердің дұрыстығы үшін жауапкершілік осы тармақта тізіп келтірілген заңды тұлғалардың лауазымды адамдарына жүктеледі.

Ескерту. 17-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 2000.12.15. N 124 , 2002.05.21. N 323 , 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

18-бап. <*>

Ескерту. 18-бап алынып тасталды - Қазақстан Республикасы 2002.05.21. N 323 Заңымен.

19-бап. Есеп айырысу тәртібі

1. Жекешелендіру объектілерін сатып алу-сату шарты бойынша есеп айырысу сатушы мен сатып алушы арасында жүргізіледі.

2. Сатып алынған объектіге ақы төлеу сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап отыз күн ішінде жүргізілуге тиіс.

3. Ақының мерзімі ұзартылып төленуіне ықтимал ұзартылып төлеу шарттары сауда-саттыққа қатысушыларға күні бұрын хабарланған жағдайда ғана жол беріледі.

4. Жекешелендірілетін объектіні ақы төлеу мерзімі ұзартылып сату кезінде бастапқы жарнаның мөлшері сату бағасының он бес процентінен кем болмайды, ал ақы төлеуді ұзарту уақыты үш жылдан аспауға тиіс.

Қалған сомаларды төлеген кезде ақша міндеттемесін орындау ережесі қолданылады.

Ақы төлеу мерзімі ұзартылып сату кезінде төленбеген сомаларға тараптардың келісімімен белгіленген мөлшерде процент есептеледі.

5. Егер сатып алу-сату шартында қамтамасыз етудің өзге жолы көзделмеген болса, сатып алушының сатып алған мүлікке сатушының кепіл алу құқығы төлемдердің уақтылы өтелуінің қамтамасыз етілуі болады.

20-бап. Жекешелендіруден алынған қаражат

1. Жекешелендіру объектілерін сатудан түскен қаражат бюджетке жіберіледі.

Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сатудан алынған қаражатты пайдалану тәртібі өзге заң актілерімен белгіленеді.

2. Мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру бойынша сауда-саттыққа дайындық және оны жүргізу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен бюджет есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 20-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.11.04. N 472 , өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2000.12.15. N 124 , 2002.05.21. N 323 , 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

21-бап. Меншік құқығының өзгеруін ресімдеу

Жекешелендірілетін объектіге меншік құқығын өзгертуді ресімдеу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

22-бап. Сатып алу-сату шартының орындалуын бақылау

1. Жекешелендіру объектісін сатып алу-сату шарты талаптарының тиісінше орындалуын соңынан сатушы бақылап отырады.

2. Шарт талаптарының орындалуын бақылау сатып алушының міндеттемелерді орындап біткен кезіне дейін жүргізіледі.

Бақылауды жүзеге асыру үшін сатушы сатып алу-сату шартын, оның ішінде өзінің қолданысын тоқтатқан шартты орындауға байланысты құжаттармен танысуға хақылы.

Ескерту. 22-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы 2002.05.21. N 323 Заңымен.

23-бап. Жекешелендірілген кәсіпорын иесінің айналадағы ортаға келтірген нұқсан үшін жауапкершілігі

1. Жекешелендірудің алдындағы шаруашылық қызмет салдарынан айналадағы ортаға және халықтың денсаулығына келтірілген нұқсан үшін жекешелендіру объектісінің бұрынғы иесі - мемлекет жауап береді.

2. Айналадағы ортаға келтірілген нұқсанды бөлу, сондай-ақ экологиялық тәуекелді жаңа меншік иесіне аудару оның келісімімен ғана болуы мүмкін.

2-1. Мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру кезінде қалдықтарға меншік құқығы, сондай-ақ қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу және оларды жою, жерді рекультивациялау мен қалпына келтіру жөніндегі міндеттемелер жаңа меншік иесіне өтеді.

3. Айналадағы ортаға жаңа меншік иесінің шаруашылық қызметі келтірген нұқсан үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

Ескерту. 23-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы 2007.01.09. N 213 Заңымен.

24-бап. Дауларды шешу тәртібі

Жекешелендіру барысында туындайтын даулар сотпен шешіледі.

25-бап. Сатып алу-сату шартын жарамсыз деп тану

1. Жекешелендіру объектісін сатып алу-сату шартын соттың жарамсыз деп тануына мыналар негіз болады:

- 1) объектіні сатып алуға құқығы жоқ тұлғаға сату;
- 2) сатып алушыға заңсыз жеңілдіктер мен басымдықтар беру;
- 3) сауда-саттық жүргізу тәртібін елеулі түрде бұзу;
- 4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздер.

2. Жекешелендіру объектісін сатып алушы сатып алу-сату шарты жарамсыз деп танылғанға дейін оқшаулаған жағдайда оны сатып алушыдан талап ету Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) 260 -262-баптарында көзделген ережелер бойынша мүмкін болады.

3. Егер шарттағы тарап қуыным жасаған болса, сатып алу-сату шартының жарамсыздығына байланысты даулар бойынша қуынымның ескіру мерзімі, оған қол қойылған күннен бастап алты ай болады. Басқа мүдделі тұлғалар не прокурор қуыным жасаған жағдайда даулар бойынша қуынымның ескіру мерзімі шартты жарамсыз деп тануға негіз болып табылатын жағдаяттар туралы қуыным жасаушы білген немесе білуге тиісті болған күннен бастап алты ай болады, бірақ бұл шартқа қол қойылған күннен бастап үш жылдан кешіктірілмеуге тиіс.

26-бап. Сатып алу-сату шартын бұзу

1. Жекешелендіру объектісін сатып алу-сату шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген негіздер мен тәртіп бойынша бұзылуы мүмкін.

2. Егер сатып алу-сату шартының бұзылуына тараптардың біреуінің оны едәуір бұзуы негіз болса, тараптар мәміле бойынша өздерінің орындағанын қайтаруды және оларға келтірілген залалдың өтелуін талап етуге құқылы.

Ескерту. 26-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы 2002.05.21. N 323 Заңымен.

5 ТАРАУ. Қорытынды және өтпелі ережелер

27-бап. Осы Заңның күшіне енуі және қолданылуы

1. Осы Заң 1996 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енеді.
2. Осы Заң күшіне енгеннен кейін, яғни 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқық қатынастарына қолданылады.
3. Осы Заңда көзделген қуынымның ескіруінің жаңа мерзімі 1996 жылдың 1 қаңтарынан кейін туындаған жағдайлар негіз болған дауларға қолданылады.
4. Осы Заң күшіне енгенге дейін жалға берілген объектілерді олардың жалгерлері жалға беру шартын кемінде екі жыл бойы тиісінше орындаған жағдайда сатып алуы мүмкін.
5. Осы Заңның күші осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, жалгердің не сенім білдірілген басқарушының кәсіпорынды кейіннен сатып алу құқығынсыз жалға беру немесе сенім білдірілген басқару қатынастарына қолданылмайды.
6. Осы Заң күшіне енген күннен бастап мыналардың күші жойылған деп танылсын:

1) "Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы" 1991 жылғы 22 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 27, 349-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 6, 113-құжат; 1993 ж., N 9, 218-құжат ; 1995 ж., N 1-2, 20-құжат);

2) "Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы" 1991 жылғы 22 маусымдағы Қазақ ССР Заңын күшіне енгізу туралы" Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің қаулысы (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 27, 350-құжат).

28-бап. Осы Заңды іске асыру жөніндегі шаралар

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1. 1996 жылғы 1 наурызға дейін:

жеке жоба бойынша жекешелендірілетін кәсіпорындардың Тізбесін;
жабық тендерлер өткізу Тәртібін;

жекешелендіру объектісінің құнын бағалауды реттейтін нормативтік құқықтық актіні бекітетін болсын.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін осы Заңға сәйкес келтірсін

3. Министрліктердің, ведомстволар мен мемлекеттік комитеттердің осы Заңға қайшы келетін нормативтік актілері мен нұсқаулықтарын қайта қарауын және күшін жоюын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК